# Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және облыс бюджетінің, атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың тәртібі туралы ережелер

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 432 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 6 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3321. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 644 Бұйрығымен.

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.12.30* N 644 *Бұйрығымен.*

*----------------- Бұйрықтан үзінді ----------------*

*Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет* Кодексіне *сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1. . . .*

*2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.*

*3. . . .*

*4. Осы бұйрық 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.*

*Министр Б. Жәмішев*

*Қазақстан Республикасы*
*Қаржы министрінің*
*2008 ж. 30 желтоқсандағы*
*N 644 бұйрықтарына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі*

*1. "Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және облыс бюджетінің, атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың тәртібі туралы ережелер" туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 432 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 6 қаңтардағы N 3321 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің 2006 жылғы қаңтардағы N 1 бюллетенінде жарияланған, 198-құжат).*

*. . . . . . . . . . . .*

*9. ...*

*Ескерту: Бұйрықтың атауына өзгерту енгізілді; атауында және мәтіні бойынша "Мемлекеттік бюджет пен" деген сөздер "Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және" деген сөздермен ауыстырылсын, "ресми" деген сөз алып тасталсын, "бюджеттің кассалық атқарылу" деген сөздер "бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы* N 17 *, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 1443 Жарлығына және "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 959 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың Ережелері бекітілсін.

*Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 17* бұйрығымен .

2. Мемлекеттік бюджетті атқару департаменті (Л.П.Тхостова) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның бұқаралық ақпарат құралдарында кейінгі жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2005 жылғы 1 қаңтардан бастан күшіне енеді.

*Министр*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2004 жылғы 8 желтоқсандағы
N 432 бұйрығымен
бекітілген

**Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың Ережелері**

*Ескерту: Атауында және барлық мәтін бойынша: "тәртібі туралы нұсқаулық", "Осы Нұсқаулық әзірленген", "осы Нұсқаулықпен " деген сөздер тиісінше "Ережелер", "Осы ережелер әзірленген", "осы Ережелерге" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 17* бұйрығымен .

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 1443 Жарлығына , "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 959 қаулысына сәйкес әзірленді және есепті кезең үшін Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді (бұдан әрі - бюджеттің атқарылуы туралы есеп) жасау мен ұсынудың нысандарын, кезеңділігін, мерзімін, тәртібін анықтайды.

2. Бюджеттің атқарылуы туралы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар жасайды.

3. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп кассалық негізде жүзеге асырылатын есепті кезең үшін тиісті бюджеттің түсімдері мен шығыстары жөніндегі барлық операцияларды көрсетеді.

3-1. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін, олардың иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімін және олар бойынша шығыстар сомасын көрсетеді.

Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуы туралы есеп заңды және жеке тұлғалардан демеушілік және қайырымдылық көмек ретінде түсетін ақша түсімі және олар бойынша шығыстар сомасын көрсетеді.

*Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 12 қаңтардағы N 5* бұйрығымен .

4. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп Қазақстан Республикасы Бюджет кодексі анықтаған бюджет құрылымы, бюджет түсімдері сыныптамасының коды, Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік сыныптамасының бюджет шығыстарының функционалдық, экономикалық сыныптамалары бойынша қалыптастырылады және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға немесе тиісті қаржы жылына жергілікті бюджет туралы мәслихат шешіміне сәйкес жасалады.

4-1. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін, олардың иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп осы Ережелерде анықталған құрылым, бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын, өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде

қалатын мемлекеттік мекемелер тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесі сыныптауышына (бұдан әрі - Сыныптауыш) сәйкес, сондай-ақ бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамаларының кодтарын ескере отырып тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) кодтары бойынша қалыптастырылады.

Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуы туралы есеп осы Ережелерде анықталған тәртіппен қалыптастырылады.

*Ескерту: 4-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 12 қаңтардағы* N 5 *, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

## 2. Біріктірілген бюджетті қоспағанда, бюджеттердің атқарылуы туралы есептің құрылымы

*Ескерту: 2-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 12 қаңтардағы* N 5 *, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

5. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп мынадай бөлімдерді (кіші бөлімдерді) қамтиды:

1) кірістер (I):
салық түсімдері;
салықтан тыс түсімдер;
негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер;
трансферттердің түсімдері;
2) шығындар (II);
3) операциялық сальдо (III);
4) таза бюджеттік кредит беру (IV):
бюджеттік кредиттер;
бюджеттік кредиттерді өтеу;
5) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо (V):
қаржылық активтер сатып алу;
мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсім;
6) бюджеттің тапшылығы (профициті) (VI);
7) бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) (VII):
қарыздардың түсімі;
қарыздарды өтеу;
бюджет қаражаттары қалдықтарының қозғалысы;
8) "Бюджет қаражаттарының қалдықтары" анықтамалық бөлімі:
қаржы жылының басындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары;
есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары.

I "Кірістер" бөлімі бюджетке түсетін түсімдерді көрсетеді және бюджетке

түсетін түсімдер сыныптамасының бастапқы төрт санаты бойынша бюджетке түсетін түсімдерді қамтитын мынадай төрт кіші бөлімдерден тұрады: "Салық түсімдері", "Салықтан тыс түсімдер", "Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер ", "Трансферттердің түсімдері".

II "Шығындар" бөлімі қайтарымсыз негізде жүзеге асырылатын бюджеттен төлемдерді көрсететін шығыстардың фукнционалдық сыныптамасының 1-15 функционалдық топтарынан тұрады.

III "Операциялық сальдо" бөлімі "Кірістер" мен "Шығындар" бөлімдері арасындағы айырманы көрсетеді.

IV "Таза бюджеттік кредит беру" бөлімі қайтарымды негізде жүзеге асырылатын бюджеттен төлемдер және бұрын берілген кредиттер бойынша борышты өтеу есебіне бюджетке түсетін түсімдер тиісінше көрсетілетін " Бюджеттік кредиттер" және "Бюджеттік кредиттерді өтеу" кіші бөлімдері арасындағы айырманы көрсетеді.

V "Қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо" бөлімі қаржылық активтерді сатып алуға шығыстар және мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан бюджетке түскен түсімдер тиісінше көрсетілетін "Қаржылық активтерді сатып алу" және "Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсім" кіші бөлімдері арасындағы айырманы көрсетеді.

VI "Бюджеттің тапшылығы (профициті)" бөлімі олардың борышының негізгі сомасын өтеу сомасын шегергенде қарыз алу сомасына тең болатын бюджеттің тапшылығын (профицитін) көрсетеді.

VII "Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)" бөлімі "Қарыздардың түсімі", "Қарыздарды өтеу", "Бюджет қаражаттары қалдықтарының қозғалысы" кіші бөлімдерінен тұрады және қарызға алу мен бюджет қаражаттарының еркін қалдықтары есебінен бюджеттің тапшылығын жабуды қамтамасыз етуді немесе қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге бюджет профицитін, қарыз қаражаттарын, бюджет қаражаттарының еркін қалдықтарын жұмсауды көрсетеді.

"Бюджет қаражаттарының қалдықтары" анықтамалық бөлімі қаржы жылының басындағы және есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражаттарының қалдықтарын көрсетеді.

*Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

**2-1. Біріктірілген бюджеттің атқарылуы туралы есеп мынадай бөлімдерді қамтиды** :

1) республикалық бюджет;

2) облыстың бюджеті, республикалық маңызы бар қаланың және астананың бюджеттері;

3) Бюджет кодексі айқындаған түсімдердің тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін бюджетке түсетін түсімдер және оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотынан Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аудару.

*Ескерту: 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

## 3. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді қалыптастыру тәртібі

*Ескерту: 3-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 12 қаңтардағы* N 5 *, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

6. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп мерзімділігі бойынша ай сайын және жылдың қорытындысы бойынша жасалады. Бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы (жылдық) есеп мынадай түрде қалыптастырылады.

7. Бюджеттің түсімдері қамтылған бюджеттің атқарылуы туралы есептің бөлімдерінде бюджет түсімдері сыныптамасының санаттары, сыныптары, ішкі сыныптары және ерекшеліктер бойынша деректер болуы тиіс.

8. Бюджеттің шығыстары қамтылған бюджеттің атқарылуы туралы есептің бөлімдерінде бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтары, функционалдық ішкі топтары, бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері, бюджеттік бағдарламалары, кіші бағдарламалары және ерекшеліктер бойынша деректер болуы тиіс.

9. Бюджеттің атқарылуы туралы есепте түсімдердің бөлімі, кіші бөлімі, санаты, сыныбы және ішкі сыныбы бойынша, бюджет шығыстарының бөлімі, кіші бөлімі, функционалдық тобы, функционалдық ішкі топтары, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі, бюджеттік бағдарламасы, кіші бағдарламасы бойынша аралық қорытындысы болуы қажет.

10. Бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру мың теңгеде жүзеге асырылады. Есеп көрсеткіштерінің бөлшек бөлігі нақты бірден онға дейінгі белгімен көрсетіледі және бүтін бөлігінен үтірмен бөлінеді.

## 4. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді толтыру тәртібі

*Ескерту: 4-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 12 қаңтардағы N 5* бұйрығымен .

11. Бюджеттің атқарылуы туралы есептер: республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астаналар, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) - барлық алынған, оның ішінде басқа деңгейлі бюджеттерден түсімдерді және барлық жүргізілген шығыстарды, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен түскен түсімдер және басқа да деңгейлі бюджеттерге берілген трансферттер есебінен шығыстарды қамтиды.

12. Төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға ұсынған жергілікті бюджетті атқару туралы айлық (жылдық) есеп осы Ережелердің 1 және 1-1-қосымшаларына сәйкес нысандарда сәйкес нысанда жасалады.

Жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепте:

1-бағанда мыналардың кодтары толтырылады:

бюджет түсімдерінің сыныптамасы - санаты, сыныбы, ішкі сыныбы, ерекшелігі;

бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамасы - функционалдық тобы, функционалдық ішкі тобы, бюджет бағдарламасының әкімшісі, бюджет бағдарламасы, кіші бағдарламасы, ерекшелігі;

2-бағанда түсімдер сыныптамасы, бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамасы көрсеткіштерінің атауы көрсетіледі;

3-бағанда мәслихат бекіткен есепті қаржы жылына бюджеттің сомасы көрсетіледі;

4-бағанда оның орындалу барысында мәслихат қабылдаған өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, есепті қаржы жылына нақтыланған бюджеттің сомасы көрсетіледі;

5-бағанда есепті қаржы жылына түзетілген бюджеттің - мәслихатта нақтыланбаған жергілікті атқарушы органдар енгізген өзгерістер мен толықтырулар ескерілген бекітілген немесе нақтыланған бюджеттің сомасы көрсетіледі;

6 және 7-бағандарда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңге түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарының және міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасы көрсетіледі. Түсімдер бойынша 6-баған, шығыстар бойынша - 6 және 7-бағандар толтырылады, бұл ретте 6-бағанда бюджеттік кіші бағдарламалардың деңгейіне дейін (қоса алғанда) төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасы көрсетіледі;

8-бағанда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңде берілген рұқсаттар сомасы көрсетіледі;

9-бағанда тіркелген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

10-бағанда төленбеген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі.

11-бағанда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңде бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

12-бағанда есепті кезеңге бюджеттің түсімдері мен қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасына есепті кезеңде бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген

міндеттемелер сомасының пайыздық қатынасы көрсетіледі;

13-бағанда есепті қаржы жылында атқарылған (бекітілген, нақтыланған, түзетілген) бюджеттің сомасына есепті кезеңде бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасының пайыздық қатынасы көрсетіледі.

*Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 12 қаңтардағы* N 5 *, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

13. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепті мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын бюджетті атқару жөніндегі орталық мемлекеттік органның ведомствосы 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепте:

1-бағанда мыналардың кодтары толтырылады:

бюджет түсімдерінің сыныптамасы - санаты, сыныбы, ішкі сыныбы, ерекшелігі;

бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамалары - функционалдық тобы, функционалдық кіші тобы, бюджет бағдарламасының әкімшісі, бюджет бағдарламасы, кіші бағдарламасы, ерекшелігі;

2-бағанда түсімдер сыныптамасы мен бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамалары көрсеткіштерінің атауы көрсетіледі;

3-бағанда Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен есепті қаржы жылына бюджеттің сомасы көрсетіледі;

4-бағанда оның орындалу барысында Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, есепті қаржы жылына нақтыланған бюджеттің сомасы көрсетіледі;

5-бағанда есепті қаржы жылына түзетілген бюджеттің - Қазақстан Республикасының Парламентінде нақтыланбаған Қазақстан Республикасының Үкіметі енгізген өзгерістер мен толықтырулар ескерілген бекітілген немесе нақтыланған бюджеттің сомасы көрсетіледі;

6 және 7-бағандарда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңге түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарының және міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасы көрсетіледі. Түсімдер бойынша 6-баған, шығыстар бойынша - 6 және 7-бағандар толтырылады, бұл ретте 6-бағанда бюджеттік кіші бағдарламалардың деңгейіне дейін (қоса алғанда) төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасы көрсетіледі;

8-бағанда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңде берілген рұқсаттар сомасы көрсетіледі;

9-бағанда тіркелген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;
10-бағанда төленбеген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;
11-бағанда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңде бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасы көрсетіледі.

*Ескерту: 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы* N 17 *, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

13-1. Біріктірілген бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есеп осы Ережелердің 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.
Біріктірілген бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепте:
1-бағанда мыналардың кодтары толтырылады:
бюджет түсімдерінің сыныптамасы - санаты;
шығыстардың функционалдық сыныптамасы - функционалдық тобы;
2-бағанда бюджет сыныптамасы көрсеткіштерінің атауы көрсетіледі;
3-бағанда республикалық бюджеттің бюджеттік бағдарламалары (кіші бағдарламалары) бойынша түсімдердің атқарылуы және/немесе төленген міндеттемелер көрсетіледі;
4-бағанда жергілікті бюджеттердің бюджеттік бағдарламасы (кіші бағдарламасы) бойынша түсімдердің атқарылуы және төленген міндеттемелер ( облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана бюджеттерінің жиынтығы) көрсетіледі;
5-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қолма-қол ақшасының бақылау шотына есепке алынған салық түсімдері, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер, қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына ақшаны есепке алу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде ашылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотына оларды аудару сомасы көрсетіледі.

*Ескерту: 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

## 5. Бюджеттер құрылымының қорытынды бөлімдерін айқындау тәртібі

*Ескерту: 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

14. Операциялық сальдо бюджеттің кірістері мен шығындары арасындағы айырма болып табылады және O = (d - z) формуласы бойынша айқындалады, мұндағы
O - операциялық сальдо;
d - кірістер;
z - шығындар.

Теріс операциялық сальдо шығындардың бюджет кірістерінен асып түсу сомасы болып табылады. Оң операциялық сальдо кірістердің бюджет шығындарынан асып түсу сомасы болып табылады.

*Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

14-1. Таза бюджеттік кредит беру бюджеттік кредиттер мен бюджеттік кредиттерді өтеу арасындағы айырма болып табылады және К = ($b_k$ - $p_k$) формуласы бойынша айқындалады, мұндағы

К - таза бюджеттік кредит беру;

$b_k$ - бюджеттік кредиттер;

$p_k$ - бюджеттік кредиттерді өтеу.

*Ескерту: 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

14-2. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо қаржы активтерін сатып алу мен мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдері арасындағы айырма болып табылады және С = ($n_f$ - $p_f$) формуласы бойынша айқындалады, мұндағы

С - қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо;

$n_f$ - қаржы активтерін сатып алу;

$p_f$ - қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер.

*Ескерту: 14-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

15. Бюджеттің тапшылығы (профициті) және оны қаржыландыру

Д ($F_1$) = n + s - r

П ($F_2$) = r - n - s формулалары бойынша айқындалады, мұндағы

Д - бюджеттің тапшылығы;

$F_1$ - бюджеттің тапшылығын қаржыландыру көлемі. Оң белгімен белгіленген бюджеттің тапшылығын қаржыландырудың мәні оның тапшылығының шамасына сәйкес келеді;

П - бюджеттің профициті;

$F_2$ - бюджеттің профицитін пайдалану көлемі. Теріс белгімен белгіленген бюджеттің профицитін пайдаланудың мәні оның профицитіне сәйкес келеді;

n - алынған қарыздардың сомасы;

r - қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу сомасы;

s - бюджет қаражатының қалдықтары қозғалысының сомасы;

Оң белгіні ескере отырып, тапшылықты (профицитті пайдалану) жабуға пайдаланылған, ал теріс белгімен - пайдаланылмаған бюджет қаражатының қалдықтары қозғалысының сомасы.

*Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

16. Бюджет қаражатының қалдықтары қозғалысының сомасы, құрамы осы Ережелердің 15-тармағындағы формулалардың құрамына сәйкес келетін S = r - d(п) - n формуласы бойынша анықталады.

*Ескерту: 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

17. Бюджет қаражаттарының қалдықтары - бұл есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша пайдаланылмай қалған бюджет қаражаттары.

Бюджет қаражаттарының еркін қалдықтары - бұл өткен қаржы жылынан кейінгі 1 қаңтардағы жағдай бойынша өткен қаржы жылына бюджеттің атқарылу қорытындысы бойынша пайдаланылмай қалған бюджет қаражаттары.

Қаржы жылының басына бюджет қаражаттарының еркін қалдықтарының сомасы есепке қолмен енгізіледі, ағымдағы қаржы жылының басынан бастап және соңына дейін өзгеріссіз қалады және ол есептің анықтамалық бөлімінде " Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер" бағанында көрсетіледі.

*Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

18. Қаржы жылының басында еркін қалдықтардың сомасы бар "Бюджет қаражаттары қалдықтарының қозғалысы" жолы бойынша есепте көрсетілетін сома анықтамалық бөлімде көрсетілген есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша бюджет қаражаттары қалдықтарының сомасын құрауы қажет. Егер бюджет қаражаттарының қалдықтары қозғалысының сомасында теріс белгі болса , онда оның абсолюттік шамасы қаржы жылының басына еркін қалдықтардың сомасымен жинақталады, егер оң белгі болса, онда ол қаржы жылының басына еркін қалдықтардың сомасынан алынады.

19. Есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары мынадай түрде анықталады:

$O_k = O_н - S$

$O_к$ - есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары;

$O_н$ - қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының бос қалдықтары;

S - бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы.

## 6. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерде жоғары тұрған бюджеттен алынған және жоғары тұрған бюджетке берілген трансферттердің көрсетілу тәртібі

*Ескерту: 6-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

20. Республикалық бюджеттің, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала бюджетінің, астана, аудан бюджетінің (облыстық маңызы бар қаланың) атқарылуы туралы есептерді жасау кезінде трансферттер бойынша есеп айырысулар ашық түрде ескеріледі.

21. Жоғары тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде - төмен тұрған бюджеттерге бөлінген трансферттер "Шығындар" бөлімінде, ал төмен тұрған бюджеттен алынған трансферттер - "Кірістер" бөлімінде " Трансферттердің түсімі" бөлімінде ескеріледі.

22. Төмен тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепте жоғары тұрған бюджеттен алынған трансферттер "Кірістер" бөлімінде "Трансферттердің түсімі" бөлімінде, ал жоғары тұрған бюджетке берілген - "Шығындар" бөлімінде көрсетіледі.

23. Облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде трансферттер бойынша облыстық бюджет және аудандар (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінің арасындағы есеп айырысулар есепке енгізілмейді.

24. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде трансферттер бойынша республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қаланың және астананың бюджеттері арасындағы есеп айырысулар оған енгізілмейді.

25. Мемлекеттік бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есептерден жоғарыда аталған сомаларды алып тастау оларды екі рет есепке алуды болдырмау мақсатында: кірістерде - жоғары тұрған бюджетте түсім көзі бойынша және жоғары тұрған бюджетте және шығыстарда алынған трансферттер ретінде - жоғары тұрған бюджеттен бөлінген трансферттер ретінде және олардың есебінен жүргізілген төмен тұрған бюджеттің шығыстары ретінде жүргізіледі.

## 7. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерде жоғары тұрған бюджеттен алынған бюджет кредиттерінің көрсетілу тәртібі

26. Төмен тұрған бюджет үшін бюджеттік кредиттер бюджет тапшылығын қаржыландыру көзі болып табылады және төмен тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепте "Бюджет тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру" бөлімінде "Қарыздардың түсуі" бөлімшесінде, жоғары тұрған бюджеттің есебінде "Таза бюджеттік кредит беру" бөлімінің "Бюджеттік кредиттер" бөлімшесінде көрсетіледі.

Осыған байланысты, жоғары тұрған бюджеттен алынатын бюджеттік кредит төмен тұрған бюджетке жоғары тұрған бюджеттің меншікті кіріс есебінен бөлінеді және жоғары тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепте бір рет кірістер түсімдерінің көзі бойынша ескерілген болатын, ал алынған кредитті жұмсау төмен тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепте шығыстардың бағытына байланысты функционалдық топтар бойынша ескеріледі, мемлекеттік бюджеттің немесе облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепте бюджеттік кредиттерді беру ескерілмейді. Осыған ұқсас жоғары тұрған бюджетке төмен тұрған бюджеттің бюджет кредиттерін өтеуі ескерілмейді.

27. Жоғары тұрған бюджеттен алынған кредиттер бойынша сыйақы төмен тұрған бюджеттің меншікті түсімдері есебінен төленеді және жоғары тұрған бюджетке салықтық емес түсімдер болып табылады, олар қосалқы шоттан жалтару үшін мемлекеттің бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру кезінде алып тасталады.

28. Қарыз қаражаты есебінен жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке кредиттерді бөлу кезінде оған қызмет көрсетуге арналған шығыстар сомасы сондай-ақ мемлекеттің бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру кезінде алып тастауға жатады.

## 8. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерде бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың көрсетілу тәртібі

29. Бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бюджетте бюджеттік бағдарламалардың бір әкімшісі бойынша бекітіледі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен немесе бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісімен бөлінеді.

30. Бюджеттің атқарылуы туралы есепте бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың есебінен шығыстар олар бөлінген сол бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының құрамында ескеріледі.

## 9. Мемлекеттік бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есептердің жасалу тәртібі

31. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есеп республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептердің негізінде, ал облыс бюджетінің атқарылуы туралы есептің жасалуы олардың арасындағы өзара өтейтін операцияларды есепке алмағанда облыстық бюджеттің, аудан (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің жасалуы негізінде жүргізіледі.

Өзара өтелетін операцияларға бюджет барысында жоғары тұрған және төмен тұрған бюджеттер арасындағы қатынастардың іске асырылуын анықтайтын операциялар жатады.

32. Бюджетаралық қатынастар трансферттермен және бюджеттік кредиттермен реттеледі, мемлекеттік бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есептерді жасау кезінде олар бойынша қосарлы шотты алып тастау мақсатында олар республикалық және жергілікті бюджеттерді, облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерді арифметикалық қосу жолымен алынған сомадан алып тастауға жатады.

33. Мемлекеттік бюджет және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есеп мынадай түрде қалыптастырылады:

| Бөлімдер | Кодтары: Түсімдер сыныптамасы | Кодтары: Шығыстардың функциональдық сыныптамасы | Бюджет көрсеткіштерінің атауы | Республикалық бюджет/облыстық бюджет | Жергілікті бюджет/аудандық (қаланың) бюджеті | Мемлекеттік бюджет (республикалық бюджет + жергілікті бюджет)/облыс бюджеті (облыс бюджеті + аудан, қаланың бюджеті) | Алынатын сомалар | Мемлекеттік бюджет/облыс бюджеті |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | А | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| I | | | Кірістер | 1120,0 | 570,0 | 1690,0 | 281,0 | 1409,0 |
| | | | оның ішінде | | | | | |
| | 1 | | салық түсімдері | 960,0 | 350,0 | 1310,0 | - | 1310,0 |
| | 2 | | салықтан тыс түсімдер | 75,0 | 5,0 | 80,0 | 1,0 | 79,0 |
| | 3 | | негізгі капи- | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | талды сатудан түсетін түсімдер | 15,0 | 5,0 | 20,0 | - | 20,0 |
| 4 | | трансферттердің түсімі | 70,0 | 210,0 | 280,0 | 280,0 | 0 |
| II | | Шығындар | 1100,0 | 600,0 | 1700,0 | 281,0 | 1419,0 |
| | 01 | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 70,0 | 30,0 | 100,0 | - | 100,0 |
| | 02 | Қорғаныс | 70, | 10,0 | 80,0 | 0,3 | 79,7 |
| | 03 | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқа-рушылық қызмет | 100,0 | 25,0 | 125,0 | 0,7 | 124,3 |
| | 04 | Білім беру | 60,0 | 165,0 | 225,0 | 11,0 | 214,0 |
| | 05 | Денсаулық сақтау | 60,0 | 100,0 | 160,0 | 5,0 | 155,0 |
| | 06 | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету | 280,0 | 38,0 | 318,0 | 1,5 | 316,5 |
| | 07 | Тұрғын үй-коммуналдық қызмет | 25,0 | 60,0 | 85,0 | 30,0 | 55,0 |
| | 08 | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 20,0 | 30,0 | 50,0 | 3,5 | 46,5 |
| | 09 | Отын энергетикалық кешені және жер қой-науын пайдалану | 28,0 | 10,0 | 38,0 | 9,0 | 29,0 |
| | 10 | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорға-латын табиғи аумақтар, қор-шаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жер қатынастары | 60,0 | 10,0 | 70,0 | 1,0 | 69,0 |
| 11 | Өнеркәсіп, сәулет, елдімекен құрылысы және құрылыс қызметі | 1,5 | 0,5 | 2,0 | - | 2,0 |
| 12 | Көлік және коммуникациялар | 90,0 | 25,0 | 115,0 | 13,0 | 102,0 |
| 13 | Өзгелер | 60,0 | 25,0 | 85,0 | 5,0 | 80,0 |
| 14 | Борышқа қызмет көрсету | 35,5 | 1,5 | 37,0 | 1,0 | 36,0 |
| 15 | Трансферттер | 140,0 | 70,0 | 210,0 | 200,0 | 10,0 (олардың ішінде: 10,0-НҚ транс-ферттер) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| III | Операциялық сальдо | 20,0 | -300,0 | -10,0 | - | -10,0 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| IY | Таза бюджеттік кредит беру | 44,0 | 4,0 | 48,0 | 40,0 | 8,0 |
| | Бюджеттік кредиттер | 65,0 | 10,0 | 75,0 | 41,0 | 34,0 |
| 04 | Білім беру | 8,0 | - | 8,0 | - | 8,0 |
| 07 | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы | 40,0 | - | 40,0 | - | 0 |
| 10 | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорға-латын табиғи аумақтар, қор-шаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары | 3,0 | 8,0 | 11,0 | - | 11,0 |
| 12 | Көлік және | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | коммуникациялар | 6,0 | - | 6,0 | - | 6,0 |
| | 13 | Өзге де | 8,0 | 2,0 | 10,0 | 1,0 | 9,0 |
| | 5 | Бюджет кредиттерін өтеу | 21,0 | 6,0 | 27,0 | 1,0 | 26,0 |
| Y | | Қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдо | 68,0 | 9,0 | 77,0 | - | 77,0 |
| | | Қаржылық активтер сатып алу | 70,0 | 10,0 | 80,0 | - | 80,0 |
| | 6 | Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер | 2,0 | 1,0 | 3,0 | - | 3,0 |
| YI | | Тапшылық | -92,0 | -43,0 | -135,0 | -40,0 | -95,0 |
| YII | | Тапшылықты қаржыландыру | 92,0 | 43,0 | 135,0 | 40,0 | +95,0 |
| | 7 | Қарыздардың түсуі | 250,0 | 41,0 | 291,0 | 41,0 | 250,0 |
| | 16 | Қарыздарды өтеу | 158,0 | 1,0 | 159,0 | 1,0 | 158,0 |
| | 8 | Бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы | - | 3,0 | 3,0 | - | 3,0 |

"Кірістер" I бөлімі:

кестенің 4-бағанының сомалары кірістердің 2 санаты бойынша сомадан (1,0 млрд. теңге) тұрады - ол төмен тұрған бюджеттерге берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер) сомасы, және кірістердің 4 санаты бойынша (280,0 млрд. теңге = 70,0 млрд. теңге + 210,0 млрд.теңге) - ол бюджеттік алымдар ретінде жоғары тұрған бюджет алған және мақсатты ағымдағы трансферттердің және дамуға арналған (жоғары тұрған бюджеттің резервінен алынған трансферттерді қоса алғанда) мақсатты трансферттердің субвенциялары нысанында жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджет алған трансферттердің сомасы.

Кестеде сыйақы сомалары мен трансферттер сомалары жоғары тұрған бюджеттерде бірдей маңызы бар мысалы қарастырылады. Олардың бірдей маңызы болмаған жағдайда жоғары тұрған және төмен тұрған бюджеттерде

көрініс тапқан аз маңызы бар сомалар алып тастауға жатады.

"Шығындар" II бөлімі:

кестенің 4-бағанының сомалары төмен тұрған бюджетке жоғары тұрған бюджет берген трансферттердің (130,0 млрд. теңге - субвенциялар, 80,0 млрд. теңге - дамуға арналған мақсатты ағымдағы және мақсатты трансферттер), жоғары тұрған бюджетке төмен тұрған бюджеттен берілген трансферттердің ( 70,0 млрд. теңге - бюджеттік алымдар) және үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығындардың (1,0 млрд. теңге) сомаларынан тұрады.

Жоғары тұрған және төмен бюджеттерде трансферттердің сомалары мен борышқа қызмет көрсетуге арналған шығындар сомаларының мәндері әртүрлі болған жағдайда екі деңгейдегі бюджеттердің есептерінде көрініс тапқан аз мәндегі сомалар алып тастауға жатады.

"Таза бюджеттік кредит беру" IY бөлімі:

"Бюджеттік кредиттер" бөлімшесінің 4-бағаны бойынша сомалар төмен тұрған бюджетке жоғары тұрған бюджет бөлген кредиттердің сомаларынан тұрады.

Қаралатын мысалда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға (40,0 млрд.теңге) және төмен тұрған бюджеттерде қолма-қол ақша тапшылығын жабуға (1,0 млрд.теңге) төмен тұрған бюджетке жоғары тұрған бюджеттен бөлінген кредиттер сомасы орын алады. Егер төмен тұрған бюджеттерде қолма-қол ақша тапшылығын жабуға жоғары тұрған бюджеттің резерві бөлінбеген жағдайда, онда мемлекеттік бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы жөніндегі есепті қалыптастыру кезінде оның сомасы алынып тасталмайды, оны ішінара бөлген жағдайда - бөлінген сома ғана алынып тасталады.

Қаралатын мысалда "Кредиттерді өтеу" бөлімшесінің 4-бағаны бойынша сома қолма-қол ақша тапшылығын жабуға төмен тұрған бюджет жоғары тұрған бюджеттен алған кредитті төмен тұрған бюджет толық өтеу сомасымен берілген. Егер осы резерв мемлекеттік бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есеп қалыптастыру күніне бөлінбесе немесе ішінара бөлінген жағдайда, онда алып тастау үшін сома не болмайды, немесе резервтің төмен тұрған бюджетке бөлінген және оларға өтеуге жататын сол бөлігінен тұратын болады.

"Бюджет тапшылығын (қаржыландыру)" YII бөлімі бойынша:

"Қарыздардың түсімі" жолы бойынша 4-бағанның сомасы жоғары тұрған бюджеттен алынған кредиттердің сомасына қаралатын мысалға тең, ал " Қарыздарды өтеу" жолының сомасы төмен тұрған бюджеттің кредиттерді өтеу сомасына тең. Қаралатын мысалда ағымдағы қаржы жылы өтеуге жататын 1,0 млрд. теңге сомасында төмен тұрған бюджет алған кредит өтеуге жатады. Ағымдағы қаржы жылы төмен тұрған бюджет алған 40,0 млрд. теңге

сомасындағы кредит 2 жылдан кейін өтеуге жатады деп болжамдасақ, осыған байланысты төмен тұрған бюджет ағымдағы қаржы жылы оны өтеу бойынша шығыстар әкелмейді.

*Ескерту: 33-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

## 10. Бюджеттердің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді беру тәртібі

*Ескерту: 10-тараудың атауына өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 12 қаңтардағы* N 5 , *2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

34. Төмен тұрған деңгейдегі бюджеттің атқарылуы туралы есепті оның атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган жоғары тұрған деңгейдегі бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органға қағаз тасушыда және бюджеттің түсімдері мен шығыстары туралы электрондық дерек қоры түрінде (бұдан әрі - электрондық дерек қоры) береді.

*Ескерту: 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

35. Қағаз тасушыдағы бюджеттің атқарылуы туралы есептің деректері электрондық дерек қоры түрінде берілген есепке сәйкес келуі тиіс.

36. Облыс, республикалық маңызы бар қаланың, бюджеттің атқарылуы жөніндегі астананың жергілікті атқарушы органдары бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға береді:

1) Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы айлық есепті электрондық дерек қоры түрінде - қағаз тасушыда оны кейіннен есепті айдың соңына дейін растай отырып есептіден кейінгі айдың 12 күнінен кешіктірмей;

2) Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы - туралы жылдық есепті - қағаз тасушыда және электрондық деректер қоры түрінде есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей.

37. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі облыстың жергілікті атқарушы органына аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы айлық ( жылдық) есепті беру мерзімі соңынан белгіленеді.

38. Жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есеп осы Ережелерге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджет қаражатының түсімдері , шығыстары мен қалдықтары сомаларының салыстыру актісін қоса бере отырып беріледі.

*Ескерту: 38-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

39. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде жүзеге асыратын ведомство мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесіне береді:

1) сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын есепке алмай республикалық бюджеттің атқарылуы туралы айлық есеп - сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын ескере отырып есептіден кейінгі айдың 3 күнінен кешіктірмей - электрондық дерек қоры түрінде және біріктірілген нысанда қағаз тасушыда есептіден кейінгі айдың 10 күнінен кешіктірмей ондағы бюджетке түсетін түсімдерді қамтитын республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептің бөлімі бюджет түсімдері сыныптамасы түсімдерінің санаттарын және сыныптарын ұстауы тиіс, ал бюджет шығыстарын қамтитын есептің бөлімдері бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық тобын және кіші тобын ұстауы тиіс;

2) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп - санаттар, сыныптар, кіші сыныптар және бюджет түсімдері сыныптарының ерекшеліктері, бюджеттік бағдарламалар, бағдарламалар, кіші бағдарламалар әкімшілері және бюджет шығыстары сыныптамасының ерекшеліктері бойынша бюджет түсімдерін және функционалдық топтар, функционалдық кіші топтар бойынша бюджет шығыстарын көрсете отырып электрондық дерек қоры түрінде және қағаз тасушыда есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей.

*Ескерту: 38-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

39-1. Жергілікті бюджеттер бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепті, тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне қоса берілетін бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе арттыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөле отырып, Бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесіне сәйкес бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар қалыптастырады.

Республикалық бюджет бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепті тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға қоса берілетін бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе арттыруға бағытталған бюджеттік

бағдарламаларға бөле отырып, Бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесіне сәйкес мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі қалыптастырады.

Мемлекеттік және жергілікті (жиынтық) бюджеттер бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы есепті республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы есептердің негізінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі қалыптастырады.

Бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы есептер заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және арттыруға арналған инвестициялық жобалар, инвестициялық бағдарламалар мен инвестициялар бойынша қорытынды деректерді көрсете отырып осы Ережелерге 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

*Ескерту: 39-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 12 қаңтардағы N 5* бұйрығымен .

40. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Премьер-Министріне ақпараттық материалдарды беру кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы бекіткен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігіне ақпараттық материалдарды беру кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттің атқарылуы туралы айлық есепті береді, бірақ мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептіден кейінгі айдың 15 күнінен ерте емес - есептіден кейінгі айдың 20 күні.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептіден кейінгі айдың 15 күні, сондай-ақ Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетіне және бюджеттік жоспарлау және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органдарға, мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы айлық есеп есептіден кейінгі айдың 20 күні - бюджеттік жоспарлау және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органдарға беріледі.

41. Өткен қаржы жылы үшін республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына Бюджет кодексінде белгіленген мерзімде бюджеттік атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган береді. Қазақстан Республикасының Үкіметіне берілетін өткен қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің атқарылуы

туралы жылдық есепке бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы әр бетіне қол қояды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетінің өткен қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткеннен кейін он жұмыс күнінің ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, бюджеттік жоспарлау және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органдарға бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жылдық есепті береді.

42. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жиынтық есеп) атқарылуы туралы айлық (жылдық) есептерді осы Ережелерге 1-1 , 4 және 5-қосымшаларға (қолдармен бекітусіз) сәйкес нысандар бойынша қағаз тасушымен және электронды түрде тиісті мемлекеттік органдарға бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган жібереді. Қағаз тасушыдағы есептер ілеспе хатпен беріледі.

Бюджеттің түсімдерін қамтитын мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жиынтық есеп) атқарылуы туралы есептердің бөлімдері санаттар, сыныптар, кіші сыныптар және бюджет түсімдері сыныптарының ерекшеліктері бойынша деректерді ұстауы тиіс. Бюджеттің шығыстарын қамтитын есептердің бөлімдері функционалдық топтар, функционалдық кіші топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджеттік бағдарламалар және бюджет шығыстары сыныптамасының кіші бағдарламалары бойынша деректерді ұстауы тиіс.

*Ескерту: 42-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы* N 17 , *2006 жылғы 12 қаңтардағы* N 5 , *2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрықтарымен* .

43. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есептерді біріктірілген нысанда бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті мемлекеттік органдарға жібереді, онда бюджеттің түсімдерін қамтитын облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есептердің бөлімдері бюджет түсімдері сыныптамасының санаттарын, ал бюджеттің шығыстарын қамтитын бөлімдер бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтарын ұстауы тиіс.

44. Мемлекеттік, республикалық, жергілікті (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жиынтық есеп) бюджеттердің,

облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есептер электронды түрде Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 13-бабына сәйкес келетін бюджет құрылымы бойынша санаттар, сыныптар, кіші сыныптар және бюджет түсімдері сыныптарының ерекшеліктері бойынша бюджет түсімдерін, функционалдық топтар, функционалдық кіші топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бағдарламалар, кіші бағдарламалар және бюджет шығыстары сыныптамасының ерекшеліктері бойынша бюджет шығыстарын көрсете отырып, сондай-ақ бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы кіші сыныптарының және ерекшеліктерінің және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінісінде қалыптастырылады.

4 5 - 4 6 . < * >

*Ескерту: 45-46-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 12 қаңтардағы N 5* бұйрығымен .

## 10-1. Қазынашылықтың аумақтық органдарының жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді қалыптастыру мен ұсынудың тәртібі

*Ескерту: 10-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

46-1. Әрбір деңгейдегі жергілікті бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепті қазынашылықтың аумақтық органдары осы Ережелерде белгіленген тәртіппен және осы Ережелерге 1-1 және 8-қосымшаларға сәйкес 1-27 нысан бойынша жасайды.

46-2. Жергілікті деңгейдегі бюджеттің атқарылуына қызмет көрсететін қазынашылықтың аумақтық органының басшысы қол қойған осы бюджеттердің атқарылуы туралы есеп ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 2 күні жергілікті атқарушы органға және уәкілетті органға қағаз тасушыда ұсынылады.

46-3. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган билігіндегі есеп көрсеткіштерін қазынашылықтың аумақтық органы ұсынған есептің көрсеткіштерімен салыстырады, алшақтықтар болған жағдайда қазынашылықтың аумақтық органымен бірлесіп оларды анықтау мен жою жөніндегі жұмысты жүргізіп, жергілікті атқарушы және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың басшылары қол қойған және жергілікті атқарушы органның елтаңбалы мөр белгісімен куәландырылған есепті қазынашылықтың аумақтық органына есепті айдан кейінгі айдың 7 күніне дейін қайтарады.

46-4. Қазынашылықтың облыстық органы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 8 күніне дейін облыстық атқарушы және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарға басшы қол қойған облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті ұсынады.

46-5. Бюджетті атқару жөніндегі облыстық уәкілетті орган билігіндегі есеп көрсеткіштерін қазынашылықтың облыстық органы ұсынған есептің көрсеткіштерімен салыстырады, алшақтықтар болмаған жағдайда облыстық атқарушы және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың басшылары қол қойған және облыстық атқарушы органның елтаңбалы мөр белгісімен куәландырылған есепті қазынашылықтың облыстық органына есепті айдан кейінгі айдың 10 күніне дейін қайтарады.

Алшақтықтар анықталған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі облыстық уәкілетті орган және қазынашылық орган бюджетті атқару жөніндегі облыстық уәкілетті органның және қазынашылық органның басшылары қол қойған және елтаңбалы мөр белгісімен куәландырылған есепті деректердің салыстыру актісін жасайды.

Содан соң алшақтықтардың себептерін анықтау мен оларды жою жөніндегі бірлескен жұмыс жүргізіледі.

Есепті айдан кейінгі айдың 10 күніне дейін жүзеге асырылатын бірлескен жұмыстың нәтижелері бойынша екі күн мерзімде қазынашылықтың облыстық органы жаңа есепті қалыптастырады, оның басшысы, облыстық атқарушы және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың басшылары қол қояды және облыстық атқарушы орган мен қазынашылық органның мөр таңбаларымен куәландырылады.

46-6. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде мемлекеттік бюджетке қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомство бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесіне осы Ережелерге 1 және 1-1-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша:

1) облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана бюджеттерінің атқарылуы туралы айлық есеп электрондық дерек қоры түрінде және біріктірілген нысанда қағаз тасушыда есепті айдан кейінгі айдың 12 күнінен кештіктірмей;

2) облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есеп электрондық дерек қоры түрінде және қағаз тасушыда есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кештіктірмей ұсынады.

## 10-2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қолма-қол ақшасының бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есепті жасау мен ұсыну тәртібі

*Ескерту: 10-2-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

46-7. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қолма-қол ақшасының бақылау шотындағы (бұдан әрі - ҚБШ) ақша қозғалысы туралы айлық (жылдық)

есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомство осы Ережелерге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады және мынадай бөлімдерді қамтиды:

1) кірістер (І);

2) қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер (ІІ);

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сына түскен түсімдердің жиыны (ІІІ);

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сынан аударымдар (ІV);

5) түсімдер мен аударымдар сальдосы (V);

6) қаржы жылының басындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы (VІ);

7) есепті кезеңнің аяғындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы (VІІ).

І "Кірістер" бөлімі бекітілген тізбе бойынша мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін салықтық түсімдердің сомасын және бюджет түсімдері сыныптамасы түсімдерінің санаттары, топтары, кіші сыныптары мен ерекшеліктері бойынша негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді көрсетеді.

ІІ "Қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер" бөлімі бюджет түсімдері сыныптамасы түсімдерінің санаты, тобы, кіші сыныбы мен ерекшелігі бойынша республикалық меншіктегі және тау-кен және өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдердің сомасын көрсетеді.

ІІІ "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сына түскен түсімдердің жиыны" бөлімі қаржы активтерін сатудан түсетін кірістер мен түсімдердің жалпы сомасын көрсетеді.

ІV "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сынан жасалған аударымдар" бөлімі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақшасын есепке алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің шоттарына функционалдық тобы, ішкі тобы, бюджет бағдарламасының әкімшісі, бюджеттік бағдарламасы (кіші бағдарламасы) және бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшелігі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сынан жүргізілген аударымдардың сомасын көрсетеді.

V "Түсімдер мен аударымдар сальдосы" бөлімі ІІІ "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сына түскен түсімдердің жиыны" мен ІV "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сынан аударымдар" бөлімдерінің арасындағы айырма сомасын көрсетеді.

VІ "Қаржы жылының басындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы" бөлімі қаржы жылының басындағы Қазақстан

Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығының сомасын көрсетеді.

VII "Есепті кезеңнің аяғындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы" бөлімі V "Түсімдер мен аударымдар сальдосы" мен VI "Қаржы жылының басындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы" бөлімдерінің қорытынды сомасын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қозғалысы туралы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомство бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесіне электрондық дерек қоры түрінде және қағаз тасушыда есепті айдан кейінгі айдың 5 күнінен кешіктірмей береді.

## 10-3. Біріктірілген бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру мен ұсыну тәртібі

*Ескерту: 10-3-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

46-8. Біріктірілген бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі осы Ережелерге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және мыналардың:

1) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомство ұсынған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептің;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары және/немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомство ұсынған есептердің негізінде құрылымдық бөлімшенің өзі қалыптастырған жергілікті бюджеттердің (облыстар, республикалық маңызы бар қала мен астана бойынша жиынтық) атқарылуы туралы есептің;

3) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомство ұсынған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қозғалысы туралы есептің негізінде жасайды.

46-9. Біріктірілген бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есеп бюджеттік бағдарламалар/кіші бағдарламалар бойынша түсімдер атқарылуының және/немесе төленген міндеттемелердің деректерін пайдалана отырып жасалады.

46-10. Біріктірілген бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есеп мемлекеттік және жергілікті бюджеттерді атқару туралы есептер үшін осы Ережелерде белгіленген мерзімде жасалады және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган оны Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, бюджеттік жоспарлау және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органдарға электрондық түрде және қағаз тасушыда ілеспе хатпен, қол қоюды растамай береді.

## 11. Кейбір басқа есептерді жасау және беру тәртібі

*Ескерту: 11-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 12 қаңтардағы N 5* бұйрығымен .

45. Тоқсан сайын ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіндегі, 1 қазанындағы және жаңа қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жергілікті бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдар және бюджетті атқарушы жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомстволар бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің теңгерімдері деректерінің негізінде осы Ережелерге 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін, олардың иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы (бұдан әрі - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есептер) туралы және демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуы туралы есептерді жасайды.

46. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты жауапты құрылымдық бөлімшесі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдары және бюджетті атқарушы жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомство ұсынған есептердің негізінде мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер ( жиынтық) бойынша осы Ережелерге 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша (қолдармен бекітусіз) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы және демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуы туралы есептерді қалыптастырады.

47. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін, олардың иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы және демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуы туралы есептер толық көлемде

электрондық дерекқор түрінде ұсынылады және бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша деректерсіз қағаз түріндегі есептермен бекітіледі.

Қағаз түріндегі есептер мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) іске асыруына байланысты және демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде алынған ақшаның қозғалысына әсер ететін негізгі факторлар жазылған түсіндірме жазбасы бар ілеспе хатпен беріледі.

48. Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есептер осы Ережелерге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай бөлімдерді қамтиды:

1) түсімдер (I);

2) шығыстар (II);

3) қаржы жылының есепті кезеңінің аяғындағы ақша қалдығы (III).

I "Түсімдер" бөлімі тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдердің жалпы көлемін және хронологиялық тәртіппен көрсетілетін және түсімдердің жалпы көлемі бойынша да, түсімдердің әрбір коды бойынша да және әрбір әкімші бойынша да қаржы жылының басындағы ақша қалдығының сомасын көрсете отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінісінде бекітілген Сыныптауышқа сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдердің кодтары бойынша түсімдер сомасын көрсетеді.

II "Шығыстар" бөлімі түсімдердің жалпы сомасының есебінен ақша шығыстарының жалпы көлемін, тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір коды бойынша, бекітілген Сыныптауышқа сәйкес, оның ішінде бюджетке есептелген соманы көрсете отырып бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамалары бойынша түсімдердің есебінен шығыстар сомасын көрсетеді.

III "Қаржы жылының есепті кезеңінің аяғындағы ақша қалдығы" бөлімі тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдер кодтарының және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің (хронологиялық тәртіппен) бөлінісінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаның іс жүзіндегі түсімінің сомасы мен олардың есебінен жүргізілген шығыстар сомасы арасындағы қорытынды айырманы көрсетеді.

49. Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуы туралы есептер осы Ережелерге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және былай толтырылады:

1 және 2-бағандарда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды мен атауы көрсетіледі;

3-бағанда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен ағымдағы қаржы

жылының есепті кезеңіндегі ақша түсімінің сомасы көрсетіледі;

4-бағанда қаржы жылының басындағы ақша қалдығы көрсетіледі;

5 және 6-бағандарда бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің коды мен атауы көрсетіледі;

7-бағанда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен ағымдағы қаржы жылының есепті кезеңіндегі ақшаның жүргізілген жұмсалуының сомасы көрсетіледі;

8-бағанда бюджет кірісіне аударылған сома көрсетіледі;

9-бағанда есепті кезеңде түскен және мақсатына сай жұмсалған ақша сомасының айырмасы ретінде анықталатын есепті кезең аяғындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

50. Төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға соңғысы белгілеген мерзімде мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін, олардың иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы және демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуы туралы есептерді ұсынады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомствосы тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы және демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуы туралы есептерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесіне мынадай мерзімде:

ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіндегі және 1 қазанындағы жағдай бойынша - есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 20-сы күнінен кешіктірмей;

есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша - есепті қаржы жылынан кейінгі үшінші айдың 1-і күнінен кешіктірмей ұсынады.

51. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Ережелердің 50-тармағында белгіленген мерзімнен кейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей бюджеттік жоспарлау және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органдарға мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер (жиынтық) бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен

шығыстары жоспарларының орындалуы туралы және демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуы туралы есептерді береді.

## 12. Қорытынды ережелер

*Ескерту: 12-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 12 қаңтардағы N 5* бұйрығымен .

52. Есепті қаржы жылында бюджеттің атқарылуы туралы басқа есептерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейтін нысандар бойынша және мерзімде бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдар қалыптастырады және ұсынады.

53. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелері арасындағы бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есептерді, бюджеттің түсімдері мен шығыстары туралы электрондық дерекқорды, бюджеттің атқарылуы туралы басқа есептерді қалыптастыру және ұсыну жөніндегі өзара қарым-қатынастарын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган реттейді.

54. Жергілікті атқарушы және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдар жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға ұсынатын есеп деректерінің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомство қалыптастырған есептердің деректеріне сәйкестігіне жауап береді.

*Ескерту: 54-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың Ережелеріне 1-қосымша

*Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

**____ жылғы ______________ арналған ____________________________ атқарылуы туралы есеп**

(бюджеттің атауы)

Республика (облыс, қала, аудан) _________________________

Мерзімділігі: ________________ айлық, жылдық

Өлшем бірлігі: мың теңге

| Бюджеттік сыныптама кодтары | Атауы | Есепті қаржы жылына бекітілген бюджет | Есепті қаржы жылына нақтыланған бюджет | Есепті қаржы жылына түзетілген бюджет | Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары, есепті кезеңге арналған міндеттемелер жөніндегі жиынтық қаржыландыру жоспары | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | төлемдер бойынша | міндеттемелер бойынша |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | **I. КІРІСТЕР** | | | | | |
| | *Салықтық түсімдер* | | | | | |
| | *Салықтық емес түсімдер* | | | | | |
| | *Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер* | | | | | |
| | *Трансферттерді ң түсімдері* | | | | | |
| | **II. ШЫ Ғ ЫНДАР** | | | | | |
| | *Жалпы сипатта ғ ы мемлекеттік қызметтер* | | | | | |
| | *Қор ғ аныс* | | | | | |
| | *Қо ғ амдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот , қылмыстық-атқару қызметі* | | | | | |
| | *Білім беру* | | | | | |
| | *Денсаулық сақтау* | | | | | |
| | *Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету* | | | | | |
| | *Т ұ р ғ ын үй-коммуналдық шаруашылы ғ ы* | | | | | |
| | *Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік* | | | | | |
| | *Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану* | | | | | |
| | *Ауыл, су, орман шаруашылы ғ ы, ерекше қор ғ алатын таби ғ и аумақтар, корша ғ ан* | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *ортаны және жануарлар әлемін қор ғ ау, жер қатынастары* | | | | | |
| | *Ө неркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі* | | | | | |
| | *Көлік және коммуникациялар* | | | | | |
| | *Ө згелер* | | | | | |
| | *Борышқа қызмет көрсету* | | | | | |
| | *Трансферттер* | | | | | |
| | III. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ САЛЬДО | | | | | |
| | IV. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТ БЕРУ | | | | | |
| | Бюджеттік кредиттер | | | | | |
| | Бюджеттік кредиттерді өтеу | | | | | |
| | V. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО | | | | | |
| | Қаржы активтерін сатып алу | | | | | |
| | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | | | | | |
| | VI. БЮДЖЕТТІҢ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ) | | | | | |
| | VII. БЮДЖЕТТІҢ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТТІ ПАЙДАЛАНУ) | | | | | |
| | Қарыздардың түсімі | | | | | |
| | Қарыздарды өтеу | | | | | |
| | Бюджет қаражаты қалдығының қозғалысы | | | | | |
| | Анықтама үшін: | | | | | |
| | Бюджет қаражатының қалдығы | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының қалдығы | | | | | |
| | Есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының қалдығы | | | | | |

кестенің жалғасы

| Есепті кезеңде берілген рұқсаттар сомасы | Тіркелген міндеттемелер | Төленбеген міндеттемелер | Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер | Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/немесе есепті кезеңге арналған түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер (11-баған : 6-баған), % | Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/немесе атқарылатын (бекітілген, нақтыланған, түзетілген) бюджетке бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер, % |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | |
| | | | | | |

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі ________ __________________ (қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

М.О.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның басшысы ________ __________________ (қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысы ________ __________________ (қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің

атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың Ережелеріне 1-1-қосымша

*Ескерту: 1-1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

**____ жылғы _________ арналған _______________ бойынша**

(бюджеттің атауы)

**бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе арттыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды бөлумен бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы есеп**

Облыс, қала, аудан ____________________________

Мерзімділігі: _________________ айлық, жылдық

Өлшем бірлігі: мың теңге

| Бюджеттік сыныптама кодтары | Атауы | Есепті қаржы жылына бекітілген бюджет | Есепті қаржы жылына нақтыланған бюджет | Есепті қаржы жылына түзетілген бюджет | Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары, есепті кезеңге арналған міндеттемелер жөніндегі жиынтық қаржыландыру жоспары | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | төлемдер бойынша | міндеттемелер бойынша |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |
| | БАРЛЫҒЫ | | | | | |

кестенің жалғасы

| Есепті кезеңде берілген рұқсаттар сомасы | Тіркелген міндеттемелер | Төленбеген міндеттемелер | Бюджет түсімдерінің атқарылуы және /немесе бюджеттік бағдарламалар ( кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер | Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/немесе есепті кезеңге арналған түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер (11-баған:6 -баған), % | Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/ немесе атқарылатын (бекітілген, нақтыланған, түзетілген) бюджетке бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер, % |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | |
| | | | | | |

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның ________ ________________

(облыстық маңызы бар қаланың) әкімі (қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның басшысы ________ __________________ (қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысы ________ __________________ (қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың Ережелеріне 2-қосымша

*Ескерту: Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы* N 17 *, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

**___________________ ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Кезеңділігі айлық, жылдық

Өлшем бірлігі: мың теңге

| Бюджеттік бағдарламаның кодтары | Атауы | Есепті қаржы жылына бекітілген бюджет | Есепті қаржы жылына нақтыланған бюджет | Есепті қаржы жылына түзетілген бюджет | Есепті кезеңге түсімдер мен қаржыландыру жиынтық жоспары, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары: төлемдер бойынша | міндеттемелер бойынша | Есепті кезеңге берілген рұқсаттардың сомасы | Тір. кел. ген мін. дет. теме. лер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

| | |
|---|---|
| | I. КІРІСТЕР<br>Салық түсімдері<br>Салықтан тыс түсімдер<br>Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер<br>Трансферттердің түсімдері |
| | II. ШЫҒЫНДАР<br>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер<br>Қорғаныс<br>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі<br>Білім беру<br>Денсаулық сақтау<br>Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету<br>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық<br>Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік<br>Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану<br>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары, қоршаған ортаны |

| |
|---|
| және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары Өнеркәсіп, сәулет, елдімекен құрылысы және құрылыс қызметі Көлік және коммуникация Өзгелер Борышқа қызмет көрсету Трансферттер |
| III. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ САЛЬДО |
| IV. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТ БЕРУ Бюджеттік кредиттер Бюджеттік кредиттерді өтеу |
| V. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРМЕН БОЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО Қаржылық активтерді сатып алу Мемлекеттің қар-жылдық активтерін сатудан түскен түсімдер |
| VI. БЮДЖЕТТІҢ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ) |
| VII. БЮДЖЕТТІҢ |

ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТТІ ПАЙДАЛАНУ)
Қарыздардың түсімі
Қарыздарды өтеу
Бюджет қаражат-тары қалдықтарының қозғалысы
Анықтамалық:
Бюджет қаражат-тарының қалдықтары
Қаржы жылының басындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары
Есепті кезең соңындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары
оның ішінде сыртқы қарыздар есебінен

таблицаның жалғасы

| Төленбеген тіндеттемелер | Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер |
|---|---|
| 10 | 11 |

Мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомствоның басшысы _________ ______________________

М.О. (қолы) (қолды таратып жазу)

Жиынтық жоспарларды қалыптастыруға және жүргізуге жауапты ведомствоның құрылымдық бөлімшесінің басшысы __________ ________________________
(қолы) (қолды таратып жазу)

Есепті қалыптастыруға жауапты ведомствоның құрылымдық бөлімшесінің басшысы __________ ________________________
(қолы) (қолды таратып жазу)

Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың Ережелеріне
3-қосымша

*Ескерту: Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы* N 17 *, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

**________________ жылға арналған бюджет қаражатының түсімдері, шығыстары мен қалдықтары сомаларының салыстыру актісі**

Республика (облыс, қала, аудан) _______________________
Кезеңділігі айлық, жылдық
Өлшем бірлігі: мың теңге

| N р/р | Атауы | Бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті органның деректері бойынша | Жергілікті бюджетке есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомствоның аумақтық орган-ның деректері бойынша |
|---|---|---|---|
| 1 | Қаржы жылының басындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары | | |
| 2 | Түсімдер | | |
| 3 | Шығыстар | | |
| 4 | Есепті кезең соңындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары | | |
| 5 | ҚР ҰБ салымдарына (депозиттеріне) орналастыру үшін бюджетті атқару жөніндегі | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | орталық уәкілетті органға берілген уақытша бос бюджет ақшасы | | |

Бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті органның басшысы __________ ________________________
(қолы) (қолды ашып жазу)

М.О.

Бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру үшін жауапты жергілікті уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы __________ ________________________
(қолы) (қолды ашып жазу)

Жергілікті бюджетке есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомствоның аумақтық органының басшысы __________ ________________________
(қолы) (қолды ашып жазу)

М.О.

Жергілікті бюджетке есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомствоның аумақтық органының тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы __________ ________________________
(қолы) (қалды ашып жазу)

Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың Ережелеріне
4-қосымша

*Ескерту: 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

**____ жылғы _________ арналған _________________ бойынша**
(бюджеттің атауы)

Республика (облыс, қала, аудан) ______________________________
Мерзімділігі: ___________________ айлық, жылдық
Өлшем бірлігі: мың теңге

| | Атауы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|

| Бюджеттік сыныптама кодтары | | Есепті қаржы жылына бекітілген бюджет | Есепті қаржы жылына нақтыланған бюджет | Есепті қаржы жылына түзетілген бюджет | Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары, есепті кезеңге арналған міндеттемелер жөніндегі жиынтық қаржыландыру | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | төлемдер бойынша | міндеттемелер бойынша |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | I. КІРІСТЕР | | | | | |
| | *Салықтық түсімдер* | | | | | |
| | *Салықтық емес түсімдер* | | | | | |
| | *Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер* | | | | | |
| | *Трансферттерді ң түсімдері* | | | | | |
| | II. ШЫҒЫНДАР | | | | | |
| | *Жалпы сипатта ғ ы мемлекеттік қызметтер* | | | | | |
| | *Қор ғ аныс* | | | | | |
| | *Қо ғ амдық тәртіп, қауіпсіздік, құ қықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі* | | | | | |
| | *Білім беру* | | | | | |
| | *Денсаулық сақтау* | | | | | |
| | *Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету* | | | | | |
| | *Т ұ р ғ ын үй-коммуналдық шаруашылы ғ ы* | | | | | |
| | *Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық ке ң стік* | | | | | |
| | *Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану* | | | | | |
| | *Ауыл, су, орман шаруашылы ғ ы, ерекше қор ғ алатын таби ғ и аумақтар, қорша ғ ан ортаны және жануарлар әлемін қор ғ ау, жер қатынастары* | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Ө неркәсіп, сәулет, қала қ ұ рылысы және қ ұ рылыс қызметі* | | | | | |
| | *Көлік және коммуникациялар* | | | | | |
| | *Ө згелер* | | | | | |
| | *Борышқа қызмет көрсету* | | | | | |
| | *Трансферттер* | | | | | |
| | III. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ САЛЬДО | | | | | |
| | IV. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТ БЕРУ | | | | | |
| | Бюджеттік кредиттер | | | | | |
| | Бюджеттік кредиттерді өтеу | | | | | |
| | V. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО | | | | | |
| | Қаржы активтерін сатып алу | | | | | |
| | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | | | | | |
| | VI. БЮДЖЕТТІҢ ТАПШЫЛЫҒЫ ( ПРОФИЦИТІ) | | | | | |
| | VII. БЮДЖЕТТІҢ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ( ПРОФИЦИТТІ ПАЙДАЛАНУ) | | | | | |
| | Қарыздардың түсімі | | | | | |
| | Қарыздарды өтеу | | | | | |
| | Бюджет қаражаты қалдығының қозғалысы | | | | | |
| | Анықтама үшін: | | | | | |
| | Бюджет қаражатының қалдығы | | | | | |
| | Қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының қалдығы | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының қалдығы | | | | | |

кестенің жалғасы

| Есепті кезеңде берілген рұқсаттар сомасы | Тіркелген міндеттемелер | Төленбеген міндеттемелер | Бюджет түсімдерінің атқарылуы және /немесе бюджеттік бағдарламалар ( кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер | Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/немесе есепті кезеңге арналған түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер (11-баған:6 -баған) % | Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/ немесе атқарылатын ( бекітілген, нақтыланған, түзетілген) бюджетке бюджеттік бағдарламалар ( кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер, % |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | |

Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың Ережелеріне
5-қосымша

*Ескерту: Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы* N 17 *, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

**____________________ жылға арналған**
**__________________ атқарылуы туралы есеп**
**(бюджеттің түрі)**

Кезеңділігі айлық
Өлшем бірлігі: мың теңге

мелер

___________________________________________________________________

Бюд-| Атауы |Есепті|Есепті|Есепті|Тір-|Төленбеген| Бюджет
жет-| |қаржы |қаржы |қаржы |кел-|міндеттме.|түсімдері.
тік | |жылына|жылына|жылына|ген |лер |нің атқары.
сын-| |бекі- |нақты-|түзе- |мін-| |луы
ып- | |тілген|ланған|тілген|дет-| |және/немесе
та- | |бюджет|бюджет|бюджет|теме| |бюджеттік

ма- |           |     |     |     |лер |       |бағдарла.
ның |           |     |     |     |   |       |малар (кіші
код-|           |     |     |     |   |       |бағдарлама.
тары|           |     |     |     |   |       |лар) бойынша
    |           |     |     |     |   |       |төленген
    |           |     |     |     |   |       |міндеттемелер

---

1 2 3 4 5 6 7 8

---

I. КІРІСТЕР
Салық түсімдері
Салықтан тыс түсімдер
Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер
Трансферттердің түсімдері

---

II. ШЫҒЫНДАР
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер
Қорғаныс
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі
Білім беру
Денсаулық сақтау
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік

Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану

Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары

Өнеркәсіп, сәулет, елдімекен құрылысы және құрылыс қызметі

Көлік және коммуникация

Өзгелер

Борышқа қызмет көрсету

Трансферттер

---

III. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ САЛЬДО

---

IV. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТ БЕРУ

Бюджеттік кредиттер

Бюджеттік кредиттерді өтеу

---

V. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРМЕН БОЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО

Қаржылық активтерді сатып алу

Мемлекеттің қаржылдық активтерін

сатудан түскен түсімдер

---

VI. БЮДЖЕТТІҢ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)

---

VII. БЮДЖЕТТІҢ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТТІ ПАЙДАЛАНУ)
Қарыздардың түсімі
Қарыздарды өтеу
Бюджет қаражат-тары қалдықтарының қозғалысы
Анықтамалық:
Бюджет қаражат-тарының қалдықтары
Қаржы жылының басындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары
Есепті кезең соңындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары

---

таблицаның жалғасы

________________________________________

|Атқарылған | Атқарылатын
|(бекітілген, | (бекітілген,
|нақтыланған, |нақтыланған,
|түзетілген) |түзетілген)
|бюджеттен |бюджетке қарағанда
|бюджет |бюджеті түсімдерінің
|түсімдері |атқарылуы және/немесе

|атқарылуының |бюджеттік
|және/немесе |бағдарламалар
|бюджеттік |(кіші бағдарламалар)
|бағдарламалар |бойынша төленген
|(кіші бағдар. |міндеттемелер, %
| л а м а л а р ) |
| б о й ы н ш а |
| т ө л е н г е н |
| м і н д е т т е м е . |
| л е р д і ң а у ы т қ у ы |
____________________________________
9 1 0
________________________________

Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың Ережелеріне 6-қосымша

*Ескерту: 6-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 12 қаңтардағы N 5* бұйрығымен .

**Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін, олардың иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы е с е п**

_____________жылға арналған

Бюджет түрі_____________
Мерзімділігі: тоқсандық, жылдық
Өлшем бірлігі: мың теңге

| Жол коды | Тауар-ларды (жұмыс-тарды, қызмет-терді өткізу-ден | Функцио-налдық тобы | Бюджет-тік бағдар-лама-лардың әкімші-сі | Бюджеттік бағдарлама | Кіші бағ-дарлама | Ерекшелі-гі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 6 | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Жол коды | Атауы | Жылдық жоспар | есепті кезеңге арналған жоспар | Атқарылу | жылдық жоспарға & атқарылу 11-бағ.: 9-бағ. | есепті кезеңнің жоспарына & атқарылу 11-бағ.: 10-бағ. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | I. Түсімдер | | | | | |
| | | | | | | |
| | II. Шығыстар | | | | | |
| | | | | | | |
| | III. Қаржы жылының есепті кезеңінің аяғындағы ақша қалдығы | | | | | |

Мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомство/бюджеттік атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның басшысы

_____________ ______________________________
(қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

Есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы

_____________ ______________________________
(қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттердің және облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың Ережелеріне 7-қосымша

*Ескерту: 7-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 12 қаңтардағы N 5* бұйрығымен .

**Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуы туралы есеп**

Бюджет түрі______________

Мерзімділігі: тоқсандық, жылдық

Өлшем бірлігі: мың теңге

| Бюджетік бағдарла-малардың әкімшісі | Атауы | Түсім | | Жұмсалуы | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | барлығы | оның ішінде жылдың басында-ғы ақша қалдығы | ерекшелігі | |
| | | | | коды | атауы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | Жиыны | | | | |

кестенің жалғасы

| Бюджетік бағдарла-малардың әкімшісі | Жұмсалуы | | Қаржы жылының есепті кезеңінің аяғындағы ақша қалдығы 3-бағ.-7-бағ. |
|---|---|---|---|
| | барлығы | оның бюджет кірісіне аударылғаны | |
| 1 | 7 | 8 | 9 |
| | | | |

Мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомство/бюджеттік атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның басшысы

_____________ (қолы) ___________________________ (колтаңбаны таратып жазу)

Есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы

_____________ ___________________________
(қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттер мен облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың ережелеріне 8-қосымша

*Ескерту: 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

**________________ атқарылуы туралы 200__ жылғы ____ есеп**
(бюджеттің атауы)

1-27 нысаны
__________ есеп жүргізілді

N-ден X бет

Республика (облыс, қала, аудан) ___________________________
Мерзімділігі (айлық, жылдық) ______________________________
Өлшем бірлігі: мың теңге

| Бюджеттік сыныптама кодтары | Атауы | Есепті қаржы жылына бекітілген бюджет | Есепті қаржы жылына нақтыланған бюджет | Есепті қаржы жылына түзетілген бюджет | Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары, есепті кезеңге арналған міндеттемелер жөніндегі жиынтық қаржыландыру жоспары | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | төлемдер бойынша | міндеттемелер бойынша |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | I. Кірістер | | | | | |
| | II. Шығындар | | | | | |
| | III. Операциялық сальдо | | | | | |
| | IV. Таза бюджеттік кредит беру | | | | | |
| | *Бюджеттік кредиттер* | | | | | |
| | *Бюджеттік кредиттерді өтеу* | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | V. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | | | | | |
| | *Қаржы активтерін сатып алу* | | | | | |
| | *Мемлекетті ң қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер* | | | | | |
| | VI. Бюджеттің тапшылығы (профициті) | | | | | |
| | VII. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру ( профицитін пайдалану) | | | | | |
| | *Қарыздарды ң түсімі* | | | | | |
| | *Қарыздарды өтеу* | | | | | |
| | *Бюджет қаражаты қалды ғ ыны ң қоз ғ алысы* | | | | | |
| | Анықтама үшін: | | | | | |
| | *Есепті кезе ң ні ң басында ғ ы бюджет қаражатыны ң қалды ғ ы* | | | | | |
| | *Есепті кезе ң ні ң со ң ында ғ ы бюджет қаражатыны ң қалды ғ ы* | | | | | |

кестенің жалғасы

| Есепті кезеңде берілген рұқсаттар сомасы | Тіркелген міндеттемелер | Төленбеген міндеттемелер | Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер | Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/немесе есепті кезеңге арналған түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер (11-баған:6-баған), % | Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/немесе атқарылатын (бекітілген, нақтыланған, түзетілген) бюджетке бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер, % |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | |

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның ________ ___________________

(облыстық маңызы бар қаланың) әкімі (қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

М.О.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның басшысы _________ ___________________ (қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

Есепті қалыптастыруға жауапты ведомствоның құрылымдық бөлімшесінің басшысы _________ ___________________ (қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

М.О.

Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттер мен облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың ережелеріне 9-қосымша

*Ескерту: 9-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы _____ жылғы ________________ есеп**

Мерзімділігі: айлық, жылдық

Өлшем бірлігі: мың теңге

| Бюджеттік сыныптама кодтары | Атауы | Жыл басынан бастап өспелі қорытындымен сомасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | I. Кірістер | |
| | *Бекітілген тізбе бойынша м ұ най секторы кәсіпорындарынан түсетін салықтық түсімдер* | |
| | *Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер* | |
| | II. Қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | |
| | *Республикалық меншіктегі және тау-кен және ө ң деу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер* | |
| | III. ҚР Ұлттық қорының ҚБШ-сына түскен түсімдердің жиыны | |
| | IV. ҚР Ұлттық қорының ҚБШ-сынан жасалған аударымдар | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | V. Түсімдер мен аударымдар сальдосы | |
| | VI. Қаржы жылының басындағы ҚР Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы | |
| | VII. Есепті кезеңнің аяғындағы ҚР Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы | |

Мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомстволың басшысы _________ ___________________ (қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

Есепті қалыптастыруға жауапты ведомстволың құрылымдық бөлімшесінің басшысы _________ ___________________ (қолы) (қолтаңбаны таратып жазу)

М.О.

Мемлекеттік, біріктірілген бюджеттер мен облыс бюджетінің, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау мен ұсынудың ережелеріне 10-қосымша

*Ескерту: 10-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 1 қыркүйектегі* N 335 *бұйрығымен* .

**Қазақстан Республикасы біріктірілген бюджетінің атқарылуы туралы _____ жылғы ___________________ есеп**

(бюджеттің атауы)

Мерзімділігі: айлық, жылдық

Өлшем бірлігі: мың теңге

| Бюджеттік сыныптама кодтары | Атауы | Республикалық бюджет | Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері | Ұлттық қор ( Ұлттық қордың ҚБШ-сы) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | I. Кірістер | | | |
| | II. Шығындар | | | |
| | III. Операциялық сальдо | | | |
| | IV. Таза бюджеттік кредит беру | | | X |
| | V. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | | | |
| | | | | X |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | VI. Бюджеттің тапшылығы ( профициті) | | | |
| | VII. Бюджеттің тапшылығын ( профицитін пайдалану) қаржыландыру | | | X |
| | *Анықтама үшін:* | | | |
| | *Қаржы жылыны ң басында ғ ы бюджет қаражатыны ң қалды ғ ы* | | | |
| | *Есепті кезе ң ні ң со ң ында ғ ы бюджет қаражатыны ң қалды ғ ы* | | | |
| | *оны ң ішінде сыртқы қарыздар есебінен* | | | X |

Ескерту: X - бұл ұяшықтар толтырылмайды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК